



Каспи Бизнес пайдаланушы келісімі

Осы Каспи Бизнесі туралы пайдаланушы келісімі (бұдан әрі – Келісім) Каспи Бизнесі серіктестерге электрондық банктік қызмет көрсету ережелерінің (бұдан әрі – Ереже) ажырамас бөлігі болып табылады және Каспи Бизнес арқылы серіктесте банктік қызмет көрсету тәртібі мен талаптарын, сондай-ақ Ережеге сәйкес Каспи Бизнесінің қауіпсіздік рәсімдерін айқындайды.

Осы Келісімде Ережеде көрсетілген терминдер мен анықтамалар пайдаланылады.

1. Анықтау және Тіркеу тәртібі

1.1. Каспи Бизнесітегі қызметке қолжетімділік Пайдаланушы Анықтау және/немесе Тіркеу рәсімдерінен өткеннен кейін және Пайдаланушы өзінің логині мен парольін бергеннен кейін ғана алынады.

1.2. Өтініште аталған Пайдаланушыларға Каспи Бизнесіте қолжетімділік төмендегі деңгейлерге сәйкес беріледі:

1.2.1. «Толық қолжетімділік» – ақпараттық-банктік және транзакциялық-банктік Қызмет алу (соның ішінде Банкке жіберілетін төлем құжаттарын растау үшін), ол Өтініште көрсетілген және Каспи Бизнесіте операциялардың жасауға қажетті өкілеттіктері бар Пайдаланушыларға беріледі.

1.2.2. «Төлем құжаттарын құру және көру» – ақпараттық-банктік қызмет алу, сондай-ақ ары қарай «Толық қолжетімділік» құқығы бар Пайдаланушыларға төлемді растау үшін жіберілетін төлем құжаттарын құру үшін.

1.3. Каспи Бизнесітегі Жеке кабинет арқылы құрылатын Пайдаланушыларға «Төлем құжаттарын құру және көру» қолжетімділік деңгейінен жоғары емес қолжетімділік деңгейі беріледі.

1.4. Пайдаланушыны Анықтау Пайдаланушының мобильді телефонына растау коды жазылған SMS-хабар жіберу арқылы жүзеге асырылады.

1.5. Пайдаланушыны Алғашқы Тіркеу Банк өтінішке қол қойғаннан кейін және серіктес Келісімнің талаптарына қосылғаннан кейін Банктің Пайдаланушының өтініште көрсетілген электрондық поштасының мекенжайына жіберген сілтемесі бойынша жүзеге асырылады.

1.6. Пайдаланушының өтініште Банк оған қол қойғаннан кейін көрсеткен немесе Каспи Бизнесітегі Жеке кабинетте Пайдаланушыны құрған кезде көрсетілген электрондық поштасының мекенжайы Каспи Бизнесітегі серіктестің логині болады.

1.7. Тіркеу рәсімін аяқтау үшін Пайдаланушы Банктің Пайдаланушының мобильді телефонына жіберген растау кодын енгізіп, Жеке кабинетке кіру үшін Келісімнің талаптарына сәйкес келетін парольді ойлап табады.

1.8. Каспи Бизнесіте жаңа Пайдаланушыны енгізу мына тәртіппен жүзеге асырылады:

1.8.1. Тіркелген және Анықталған Пайдаланушы Жеке кабинет арқылы «Пайдаланушыны құру» операциясын шақырады және жаңа Пайдаланушының Т.А.Ә., электрондық поштасының мекенжайы, мобильді телефоны деген жолдарды толтырады.

1.8.2. Өтініште көрсетілген мобильді телефонына алған растау кодын енгізеді.

1.8.3. Банк Пайдаланушыны құруға берілген өтінімді қабылдайды және оны өңдегеннен кейін жаңа Пайдаланушының көрсетілген электрондық поштасының мекенжайына Каспи Бизнесіте тіркелуге арналған сілтемені жібереді.

1.8.4. Жаңа Пайдаланушы Келісімнің 1.3.-1.5.-тармақтарына сәйкес Тіркелу рәсімінен өтеді.

1.9. Өтініште көрсетілмеген және Каспи Бизнесіте тіркелген Пайдаланушыларға «Төлем құжаттарын құру және көру» қолжетімділік деңгейінен жоғары емес қолжетімділік беріледі.

1.10. Пайдаланушының өтініште көрсетілген электрондық поштасының мекенжайы Kaspi Бизнестегі логин болады.

Парольді Пайдаланушы өз бетінше айқындайды және ол Банктің ақпараттық қауіпсіздік талаптарына және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес келуі керек.

1.11. Растау кодының/Сеанстық кілттің қолданылу уақытын Банк ақпараттық қауіпсіздік талаптарын ескере отырып белгілейді және оны Kaspi Бизнесте Пайдаланушының назарына жеткізеді.

1.12. www.kaspi.kz/business Kaspi Бизнесте орналастырылған парольді ауыстыру және қалпына келтіру рәсіміне сай Пайдаланушы Kaspi Бизнестегі парольді ауыстыра және қалпына келтіре алады.

1.13. Транзакциялық операциялар Пайдаланушының өтініште көрсетілген мобильді телефонына жіберілген растау кодымен қосымша расталуы мүмкін.

1.14. Банк қауіпсіздік және қаражаттың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Пайдаланушының Kaspi Бизнеске қолжетімділігіне тосқауыл қоюға құқылы.

1.15. Kaspi Бизнес серіктестерінің барлық іс-әрекеттері туралы ақпарат арнайы жүйелерде сақталады (мұндай деректерді сақтау мерзімі 5 жыл).

1.16. Kaspi Бизнесте серіктесті сәйкестендіру пароль бойынша немесе серіктестің Банктен мобильді телефонына алған растау коды бойынша жүзеге асырылады.

1.17. Kaspi Бизнесте сәйкестендіру логин арқылы жүзеге асырылады. Kaspi Бизнеске енгізілген логин Пайдаланушыға берілген логинге сәйкес келген жағдайда, Серіктес сәйкестендірілген болып саналады.

1.18. Kaspi Бизнеске қолжетімділік HTTPS қорғалған хаттамасы бойынша «www.kaspi.kz/business» интернет-ресурсындағы сайтқа қосылу арқылы жүзеге асырылады. Серіктестің техникалық құралы мен «www.kaspi.kz/business» сайтының арасында берілетін деректер DigiCert Inc компаниясының сертификатымен шифрланады. Шифрлау тұрақтылығы 128 битпен айқындалған.

2. Электрондық банктік қызмет көрсету талаптары.

Техникалық талаптар

2.1. Ережеге сәйкес электрондық банктік қызмет алу үшін серіктес төмендегі барлық талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді:

1) Пайдаланушы Kaspi Бизнеске тіркелген;

2) Пайдаланушының «www.kaspi.kz/business» интернет-ресурсының қызметін алуға арналған техникалық құралы бар. Интернетке қосылудың ұсынылған жылдамдығы кем дегенде 128 кб/с;

3) серіктес Банкке Пайдаланушылар туралы ақпаратты берді және Пайдаланушы келісіміне сәйкес қызмет көрсетуге қажетті іс-әрекеттерді жасады;

4) Пайдаланушы қызмет көрсетуге және Жеке кабинетке қолжетімділік алуға қажетті Анықтау/Тіркелу/Сәйкестендіру іс-әрекеттерін орындады.

2.2. Серіктестің Пайдаланушы келісімінде белгіленген тараптарға сәйкес келетін жабдығы бар:

2.2.1. Пайдаланушының жабдығына «Windows 7» нұсқасынан төмен емес «Windows» операциялық жүйесі орнатылған;

2.2.2. Пайдаланушының жабдығына браузер орнатылған, Internet Explorer браузері үшін 9.0.-ден төмен емес нұсқа.

2.3. Қызмет көрсетуге қажетті серіктестің/Пайдаланушының жабдығына қойылатын техникалық шарттар мен талаптар Ережеде белгіленеді.

2.4. Kaspi Бизнес арқылы берілген Пайдаланушының ақша төлемі мен аударымдары жөніндегі нұсқауын Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген мерзімде орындайды немесе Банк оны орындаудан бас тартады.

2.5. Ақша төлемін немесе аударымын растайтын құжаттар серіктеске Пайдаланушының сұратуы бойынша оны Пайдаланушының серіктес өтініште көрсеткен электрондық поштасының мекенжайына және/немесе мобильді телефонына қысқа мәтіндік хабарлар жіберу арқылы электрондық тәсілмен жіберіледі.

2.6. Банк серіктестің талап етуімен оған Kaspi Бизнес арқылы жасалған Операциялар және/немесе Төлем туралы ақпарат жазылған үзінді көшірмені беруге міндетті.

2.7. Келісім бойынша қызметке қосылу төмендегі тәсілдермен жүзеге асырылады:

2.7.1. Пайдаланушы Анықтау рәсімін өтті (электрондық банктік қызмет алу мақсатында растау кодын алды);

2.7.2. Пайдаланушы Тіркеу рәсімін өтті (электрондық банктік қызмет алу мақсатында пароль алды).

2.8. Пайдаланушының Kaspi Бизнеске Тіркелуі немесе Анықталуы серіктеске интернет желісі арқылы қызмет көрсетуге негіз болады.

2.9. Пайдаланушыны Kaspi Бизнеске сәйкестендіру Пароль бойынша немесе Пайдаланушының Банктен мобильді телефонына алған растау кодын енгізу арқылы жүзеге асырылады.
